



Туберкулез



Туберкулез - бұл ауа-тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамиды.

Ең алдымен өкпе, кейде басқа органдарды да зақымдайды.

Жұқтыру көзі туберкулезге шалдыққан адам болып табылады.



ӘРІ ҚАРАЙ НЕ БОЛАДЫ?


Туберкулез бактериялары кез келген ағзада дами алады, бірақ көп жағдайда өкпенің жоғарғы жақтарында дамиды. 2-10 апта ішінде ағзаның иммундық жүйесі микробактериялардың таралуы мен әрі қарай дамуын тоқтатады.

ТУБЕРКУЛЕЗ НЕЛІКТЕН КАУІПТІ АУРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ?

жыл сайын 8,8 миллион адам туберкулезбен ауырады;
ем қабылдамаған әрбір науқас жылына 10 адамнан 15 адамға
дейін жұқтыруы мүмкін;
туберкулезге шалдыққандардың 75% 20-40 жас
аралығындағы адамдарды кұрайды;
оның салдарынан жыл сайын 2 миллионға жуық адам қайтыс
болады;
ауруды жұқтырғандардың 5 -10%-да ғана ауру дамуы мүмкін.



Қызылорда облысындағы туберкулез дертінің аурушандылық көрсеткіші



ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖҰҚТЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Туберкулез қоздырғыштары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, оқығанда, түшкіргенде бактерия шығару арқылы ауаға тарайды. Ауаның жұтқан адамдарға бактерия жоғарғы тыныс алу жолдарына, өкпелеріне түседі. Осылайша туберкулезді жұқтыру жүреді.



Клиникасы:

- екі аптадан артық жөтел;
- әлсіздік;
- дене қызуының көтерілуі;
- тершендік;
- тәбеттің нашарлауы;
- жүдеу;
- шаршағандық;
- қан аралас қақырықтың түсуі;
- кеуде тұсының ауыруы





ТУБЕРКУЛЕЗ

БЕЛГІЛЕРІ

Туберкулез бұл ауа-тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамиды. Қоздырғышы Кох таяқшасы. Ең алдымен өкпе, кейде басқа органдарды да зақымдайды. Жұқтыру көзі туберкулезге шалдыққан адам болып табылады

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖҰҚТЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ

Туберкулез қоздырғыштары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, оқығанда, түшкіргенде бактерия шығару арқылы ауаға тарайды. Ауаның жұтқан адамдарға бактерия жоғарғы тыныс алу жолдарына, өкпелеріне түседі. Осылайша туберкулезді жұқтыру жүреді.



Екі аптадан артық уақытқа созылған жөтел, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, тершендік; тәбеттің аралас қақырықтың түсуі, кеуде тұсының ауыруы. нашарлауы, жүдеу, шаршағандық, қан

Алдын алу шаралары

Салауатты өмір салтын ұстану, яғни спортпен айналысу
Тиімді және құнарлы тамақтану (ет, сүт және сүт өнімдері, балық, дәнді дақыл өнімдері, көкөністер, жемістер)
Зиянды арақ-шараптарды және темекіні, есірткіні қолданудан бас тарту
Қоршаған орта және жеке бас тазалығын сақтау
Жеке гигиена құралдары мен ыдыстарды пайдалану
Жылына екі рет рентгенді тексеруден өту
Бала туылғаннан кейін міндетті түрде БЦЖ вакцинасын және ревакцинаны егу
Аурулармен сөйлескенде сақтық шараларын сақтаңыз (бөлмені жиі-жиі желдету, маска кию т.б.)

Туберкулезбен ауыратын пациенттердің жеке бас гигиенасы

Туберкулезбен ауыратын пациент қоғамда және отбасында туберкулезді жұқтырудың алдын алу үшін төмендегідей жеке бас гигиенасын сақтауы қажет:

- Қол және дене тазалығына көңіл бөлу, тырнақтарын уақытылы қысқарту, аптасына бір рет төсек-орнын ауыстырып отыру қажет.
- Жөтел кезінде бет орамалмен ауыз мурнын тұмшалау қажет.Пациентпен сөйлескенде ара қашықтықты сақтаңыз.
- Отбасы мүшелерімен бірге тамақтану кезінде пациент жөтеліп,түшкірмеуі қажет.
- Пациенттің жеке ыдыс-аяғы болуы керек,және отбасы мүшелері пациенттің ыдыс-аяғын пайдаланбауы қажет.
- Қақырық,тамақ қалдығына,түкіргішке,киімдері мен төсек-орнына пациенттің өзі дезинфекциялық шараларды жүргізгені дұрыс, отбасы мүшелеріне туберкулезді жұқтырмаудың алдын алу үшін.
- Пациент еденге,раковинаға,беторамлаға түкірмеуі қажет.Пациенттің арнайы түкіргіші болуы қажет.Әр бір пациентте екі түкіргіштен болуы қажет,бірін қолдану кезінде екіншісі дезинфекциялану қажет.
- Түшкіру,жөтел кезінде жиі бүлінетін беторамалдарын жиі ауыстырып отыру қажет.
- Туберкулезбен ауыратын пациент балалармен қарым-қатынас кезінде өте сақ болуы қажет,балаларды көтеруге,күшақтауға,сүйуге болмайды.



Мейірбикенің туберкулезбен ауыратын пациенттермен жұмыс жасау ерекшелігі қандай?

Туберкулезбен ауыратын пациенттермен жұмыс жасайтын мейірбике өте аңғарымды және өте төзімді болуы қажет. Пациенттерге жүргізілетін ем шараның маңыздылығын түсіндіруі қажет. Пациенттің жеке бас гигиенасын сақтауы кезінде мейірбикенің ролі ререкше болып табылады.



Дәрі-дәрмектерді қабылдаудағы мейірбикенің алатын орны қандай?

Мейірбикенің атқаратын қызметіне дәрігердің тағайындауын дұрыс орындау кіреді. Барлық дәрілерді пациент уақытылы қабылдауы қажет (тамаққа дейін, тамақтан кейін). Пациент дәрілерді мейірбикенің қатысуымен көзінше қабылдауы қажет. Мейірбике пациенттің дәрілерді уақытылы дұрыс қабылдауына жауапты.

Туберкулезбен ауыратын пациенттерге жөтелу және қақырыну кезінде жеке бас гигиенасын сақтауды үйрету

Туберкулезді жұқтырудың бірден-бір көзі қақырық.Туберкулездің жұғу жолы ауа тамшылы болғандықтан,туберкулездің қоздырғыштары қоршаған ортада өте төзімді,ұзақ сақталады (айлар бойы,жылдар бойы)ең басты гигиена жөтелу және қақырыну кезінде болып саналады.Жөтелу және түшкіру кезінде туберкулезбен ауыратын пациент жанында отырған адамдардан басын бұрып, беторамалмен ауыз,мұрнын тұмшалауы қажет.

Қақырықты дұрыс жинау үшін пациенттерге екі түкіргіш беріледі. Біріншісі- қолдануға,екіншісі-дезинфекциялауға.Түкіргіштердің аузы міндетті түрде жабулы тұруы қажет.Аймақтық мейірбике пациентке түкіргішті қолдану ережесін түсіндіруі қажет.Пациент түкіргішті барлық жерде қолдануы қажет.Қақырық түкіргіштің қабырғаларына жабысып қалмауы үшін түкіргіштің 1/3 бір бөлігі дезинфекциялық сұйықтыққа немесе суға толтырылуы қажет.



Қақырықты және түкіргішті дезинфекциялау

Дезинфекциялық шараларды жүргізу кезінде ең маңыздысы қақырық және түкіргішті дезнфекциялау.Туберкулез кезінде дезинфекцияның тиімді түрі физикалық дезинфекция.2% сода ертіндісінде түкіргішті қақырықпен бірге 15 минут қайнатып, содан кейін ғана қақырықты су құбырына төгуге немесе топыраққа көміп тастауға болады.

Қайнату мүмкіншілігі болмаған кезде химиялық дезертінділерді қолдануға болады. Химиялық дез ертінділерге кіреді:хлорамин, натрий немесе калий тұзы,хлор-бета-нафтол және бензил-фенол.



Туберкулезбен ауыратын пациенттің зәрі мен нәжісін дезинфекциялау

Зәр мен нәжісті 20% хлор ертіндісіне құйып 2 сағатқа жауып қоямыз. Екі сағаттан кейін су құбырына төгеміз. Ыдысты ыстық сумен шайып, 2% содаға 15 минут салып қоямыз.